10-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

# ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

## Тіл – мәдениет сақтаушысы

**Дәрістің мақсаты:** қазіргі қолданыстағы тұрақты тіркестер мен күрделі сөздердің мағынасындағы жасырынған мәдениет, ұлттық ойлау мен менталитеттен білім беру.

**Дәрістің негізгі терминдері:** идиомалар, құндылықтар, тұрақты сөз тіркестері.

- Идиомалар – тұрақты сөз тіркестерінің сыңар мағыналары мүлде күңгірттенген, басқа мағынаға ие болған түрлері;
- Құндылықтар – белгілі бір халықтың менталитеті мен болмысын белгілейтін, жоғары бағаланатын концептілік ұғымдары.

## 1. Идиомалардың өн бойындағы ұлттық мәдени ерекшеліктердің басым сипаты

Тер-Минасованың айтуы бойынша, тіл адамның жан дүниесі мен мәдениетін бейнелеумен ғана шектелмейді. Оның аса маңызды қызметінің бірі – мәдениетті сақтап, оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізу. Демек, тіл жеке адамның, этникалық топтың, халықтың, ұлттың мінезін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Ал тіл жүйесіндегі идиоматикада, яғни тілдің ұлтқа тән белгілері сақталған бөлігінде құндылықтар жүйесінде, тұрақты тіркестерде мораль, сол халықтың әлемге, адамдарға, жат жұртқа деген қатынасы сақталады.

Автор бұл идиомалардың рөлі тым шектеулі, олар тамаққа қосатын дәмдеуіштер сияқты, шымшымдап, пышақтың ұшымен қосуды қажет етеді дейді. Өйткені онда жасырынған мәдениет, ұлттық мағына басқаға жол бермейді. Идиомалардың өн бойында, қайталап айтайық, ұлттық мәдени ерекшеліктер басым. Осы сақталып келген мағыналаларды ашу, бейнелі сөз орамдарының түп-төркініне үңіліп, неге бұлай айтылатынына зер салу құр ғана қызық емес. Мұндай ізденіс тіркес мазмұнын терең түсініп, оларды орынды, дәл, дұрыс қолдануға септігін тигізе түседі және қоймаға сақталып келген мағына байлығын көрсетеді.

## 2. Қазақ тіліндегі идиомаларға тарихи-мәдени кодталған сөз ретінде қарау

Кейде тұрақты сөз тізбектерінің мағынасын жыға танып, әсерін айрықша сезе білгенімізбен, олардың түпкі төркіні көбімізге жұмбақ. Осындай жасырынған ақпараттарды ашуда тағы да профессор Н. Уәли зерттеулері ерекше. Ғалымның зерттеуі бойынша біршама тұрақты тіркестерде жасырынған ақпараттарға тоқталамыз. «Әдетте әділ, турашыл адам жөнінде ерекше әсермен айтқымыз келсе, қара қылды қақ жарған тәрізді бейнелі сөз тізбегінің бірін қолданамыз. Сырт қарағанда тіркес құрамында түсініксіз сөз жоқ. Ал «неге бұлай айтылған?» деген сұрақтың жауабын әркім әрқилы ұғындыруы мүмкін. Фразеологизмнің бұлай айтылуына ерте кездегі ескі салт (этнографизм) негіз болған. Баяғыда шешімі қиын даумен би алдына жүгініске барған кісілер қылдан ескен жіп ала баратын.

«Он екіде бір гүлі ашылмаған» деген тіркестің аңғартар мағынасы бәрімізге де белгілі. Бірақ осындағы сан есімнің дәл «он екі» болуы неліктен? Бұл жұмбақ он екі мүше ұғымын еске түсіреді. Он екі мүшенің (екі қол, екі аяқ, екі көз, екі құлақ, тіл мен тіс, бас пен мойын) жетілмеуі, «гүлі ашылмауы» балаңдықтың белгісі. Бұл фразеологизмдегі сан есімнің дәл «он екі» болуының түйіні осында. Тіркестің екінші сыңары «жетілмеген» деген мағынаны білдіретін образды қолданыс. Осы тіркестерді өзгешелеу етіп қайта құрсақ, «он екі мүшенің бір-екеуі де жетілмеген, толыспаған» деген ұғымды аңғартатынын байқаймыз.

Қазіргі кездегі мүлдем ұмытылған ескі наным-сенімге байланысты пайда болған тұрақты сөз тіркестерінің де саны едәуір. Солардың бірі – соқыр түйе. «Түйе – төрт түліктің төресі» дейді халық. Түйесі жүзге жеткен мал иесі ырым етіп, жүзінші түйенің бір көзін ағызып отырған. «Түйең нешеу» деп сұраған адамға тура санын айтпай «бір соқыр» немесе «екі соқыр» дейтін болған (Х. Арынбаев: Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк. 1969. 77-б.). Онысы – жүз немесе екі жүз дегені.

## Әр елдің салты басқа

Көптеген халықта дәм-тұз – достықтың белгісі. Ерте кездегі кейбір ру-тайпалар «жауласамын» деген хабарды жебе, оқ жіберу арқылы білдірген. Айтар ойды, хабарды сөзбен емес, өзгеше әрекетпен білдіретін ескі салттар ел-елде көп-ақ. Ал түркі халықтарында кездесетін осындай салттық сөздердің бірі – ат құйрығын кесу – кетісу, араздасудың белгісі.

Күшік күйеу. Бұлай деп неге айтылған? Күйеудің күшікке, күшіктің күйеуге қандай қатысы бар? Байқап отырсақ, бұл сөздің шығу төркіні о баста ел ішіндегі ескі салтқа байланысты екен. Әрине, ерте кезде күйеудің қалыңмал беріп үйленетіндігі бәрімізге белгілі. Бірақ, ол заманда кейбіреулердің қалыңмал беруге шама-шарқы келе бермеген. Қыз әкесінің үйінде жүріп, қалыңмалды қызмет етіп өтеген күйеуді ертеректе күшік күйеу деп атаған. Бұл сөз кейбір түркі тілдерінде «күшік күйеу» емес, күч күйеу (қырғыз тілінде – күч күйеу. Қ.Қ. Юдахин. «Қырғызша–орысша сөздік» М., 1965, 461-б.) деп аталады.

Төрт көзі түгел. Неге бұлай айтылады? Әрине, мұндағы «көздің» кісі деген ұғымды аңғартатыны белгілі. Бірақ «көз» саны неге төртеу? Сан есімде қандай сыр бар? Бастапқыда бұл тіркес билік айтуға байланысты қолданылған болса керек. Қарама-қарсы жақ –екі адам («екі көз»), сол қарсы жақтардың кем дегенде, бір-бір «көзден» көлденең тартар куәлары болуға тиіс. Осылайша «төрт көз түгелденгенде» ғана дау қаралып, билік айтылатын болған. Бертін келе бұл тіркестің шығу тегі тасаланып, өзге орайда да қолданыла беретін болады.

Тірнектеп жиды, әй дер ажа жоқ... дегендер ауызекі тіл аясында «тырнақтап жиды», «әй дер әже жоқ»... делініп «су жаңа» сөз болып құбыла беруі ықтимал. Кейде қаламгерлеріміз әйтеуір тілде бар ғой дегендіктен бе, дәл осындай «өліраға» келгенде ауызекі ауытқудың жөнді-жөнсізіне қарамай, оларды қабаттастыра қолданғанды тәуір көреді. «Тірнектеп жиған мал, тырнақтап жиған дүние бөліске түсті. «Әй дер әже, қой дер қожа қалмады» (Р.Тоқтаров, «Тұлпардың сыны»). Тырнақтап жиды дегенді жазушы Бердібек Соқпақбаевтан да («Қайдасың Гаухарым?») кездестіресіз.

## Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздіктерінің бірінен 3 тіркесті алып, мағынасын анықтап көріңіз, жасырынған қандай ақпарат барына назар аударыңыз.
2. Қазақ тіліндегі туысқандық атаулардың көптігін біріңіз жақтап, екіншіңіз қарсы болып, досыңыз екеуіңіз талдап көріңіз.

## Бақылау сұрақтары

1. «Төрт көзі түгел» деген тіркес қалай пайда болған?
2. «Күшік күйеу» идиомасының шығу төркіні қандай?
3. «Тірнектеп жиған» деген сөзді қандай ситуацияда пайдаланасыз?

## Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – А: 2014. 5 том.
2. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – А., 2007–2011. 15 том.
3. Уәли Н., Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Докторлық дисс. – Алматы, 2007.
4. Қайдар Ә., Қазақтар ана тілі әлемінде. I том. – А: Дайк-Пресс, 2009. – 784б.
5. Ахметжанова З., Лингвокультурология: теория и практика. – А: Елтаным, 2017. – 144 б.
6. Ахметжанова З., Мусатаева М., Актуальные проблемы лингвокогнитологии и лингвокультурологии. – А., 2013. – 232 с.

7. http://anatili.kazgazeta.kz/?p=406247.
8. http://el.kz/kz/news/archive/content-24580.
9. Сейдимбек А.. Мир казахов. Этнокультурологическое переосмысление. – Алматы: Рауан, 2001.
10. Ахметова З.. Күретамыр. – А., 2018. – 208 б.
11. Терещенко А.В., История культуры русского народа. – М., 2006. – 736 с.